

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

16.11.2017 ж.
сағ.: 11:02

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы.

(Қатыспағандар: Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы– еңбек демалысында (2017 жылғы 09 қарашадағы №78-д бұйрығы, Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы- еңбекке жарамсыз).

Күн тәртібі:

1. «Резерв» РМК- нің (2017 жылғы 16 қарашадағы шығ.№07/1331) хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен лоттарды алып тастау сұрағын қарастыру.

2. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №1541- 1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2070-2089, №2091-2122 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету (Бұдан әрі – Қағидалар).

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.

Тендер 2017 жылғы 09 қарашадағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған хабарлама негізінде мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдердің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№ р/с	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекен-жайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Бисенова Венера Аббасовна (№968, №969, №970, №971 лоттар бойынша)	1	Астана қ. Пушкин көш. 25 үй, 14 пәтер	14.11.2017 ж.	17:05
	Барлық конверттер	1			

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жоқ**.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарап, ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ**:

1. Жоғарғы сұрыпты бидай ұнына тірк. №0293002, №0292998, №0293003, №0292997, №0293004 сапа сертификаттарының мерзімінің өтуіне байланысты (өндірілген мерзімі 2015 жылғы ақпан-маусым), сонымен қатар 2007 жылдың 21 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Заңының 12 бабы 4 тармағының 3) тармақшасына және ММРК «Резерв» (2017 жылғы 16 қарашадағы шығ.№07/1331) хаты негізінде 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен №957-968, №969-1016, №1017-1049, №1050-1058, №1060-1070, №1071-1078 лоттар алып тасталынсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Осы хаттаманың 1 тармағына сәйкес 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен №957-968, №969-1016, №1017-1049, №1050-1058, №1060-1070, №1071-1078 лоттар алып тасталуына байланысты ж.т. Венера Аббасовна Бисенованың №968, №969, №970, №971 лоттар бойынша тендерлік өтінімін қараусыз қалдырылсын.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 15 қарашадағы №353 мемлекеттік материалдық резервтің материалдық

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.

құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша шартының жасалуына байланысты тендер комиссиясы көлемі азайтылсын:

- №238 лоты «залалсызд. құралы деохлор» 0,010 тоннаға;

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

4. №1541- 1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2070-2089, №2091-2122 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 16 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 16 қарашадағы сағат 11.18-де жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 16 қарашадағы өзегістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, __ бетте.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:


Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б. К.




Шәкірбаев М.С.




Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Қалқаманов Т.А.



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

